



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

Бекітілді
«Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
Хаттама № 7, 24 тамыз 2021 ж.

«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА САЙЛАНҒАН МҮШЕЛЕРІН ҚЫЗМЕТКЕ
ЕНГІЗУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атырау - 2021 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ	Бірінші басылым
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы	2 бет 4-ден

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелерін таныстыру тәртібін айқындайды.

1.2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қоғамның Жарғысына және Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.3. Қоғамда Директорлар кеңесінің мүшелеріне Даму жоспарларын, құрылымын, іскерлік практикасын және корпоративтік басқару практикасы сияқты Қоғам қызметтерін барынша жедел, толық және тиімді таныстыру төмендегіше қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам қызметінің сипатын, Директорлар кеңесінің басқару жүйесіндегі рөлін, өз құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Директорлар кеңесі жұмысының қағидалары мен рәсімдерін түсінуін қалыптастырады;

2) Директорлар кеңесі мүшесі Қоғамның Даму жоспарларымен, қызметінің түйінді көрсеткіштерімен және қаржылық есептілігімен танысады;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мүшелері арасындағы коммуникациямен қамтамасыз ету қағидаларына негізделеді.

2. ЛАУАЗЫМҒА ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізуді Жалғыз акционер сайлаған кезден бастап бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырады.

2.2. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу процесінде жәрдем көрсетеді.

2.3. Лауазымға кіріспе келесі іс-шаралардан тұрады:

1) Жалғыз акционерді Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы бұйрығымен таныстыру;

2) Қоғам, Директорлар кеңесі, Қоғам жұмыс істейтін сала және оның бәсекелестік позициялары туралы ақпаратты танысу үшін ұсыну;

3) Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен танысу.

2.4. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Жалғыз акционердің сайлау туралы бұйрығымен таныстыруды Корпоративтік хатшы осы құжатты Директорлар кеңесінің мүшесі үшін қолайлы тәсілмен ілеспе хатпен бірге жіберу арқылы жүзеге асырады.

2.5. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Қоғам және Директорлар кеңесі туралы ақпаратпен таныстыру мақсатында корпоративтік хатшы 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің мүшесіне алдын ала келісілген тәсілмен жібереді.

2.6. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармасымен танысуы келесі жолдармен жүзеге асырылады:


- Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Директорлар Кеңесінің басқа мүшелері іс барысына енгізу және жұмыс ерекшеліктерін, өзге де мәселелерді талқылау үшін жеке кездесулер өткізеді;

- Басқарма Төрағасы-ректормен және Басқарма мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жекелеген басшыларымен кездесулер ұйымдастырылады;

- Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездеседі;

- Корпоративтік хатшымен кездеседі және тұрақты өзара іс-қимыл жасайды.


Муссаев

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ	Бірінші басылым
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы	3 бет 4-ден

2.7. Директорлар кеңесі мүшесінің сұрау салуы арқылы Корпоративтік хатшы оған Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмысы мәселелері бойынша кеңес береді, оның ішінде:

- 1) Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселелері, жауапкершілігі туралы түсініктемелер беру;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу рәсімдері;
- 3) Директорлар кеңесі комитеттерінің және Басқарманың Директорлар кеңесі алдындағы есептілігі;
- 4) Директорлар кеңесінің мүшесін қызықтырған процестің қысқаша сипаттамасы;
- 5) Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасында болған өзгерістер туралы хабардар ету.

Муссаев

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ	Бірінші басылым
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы	4 бет 4-ден

1 Қосымша

Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу үшін ҚҰЖАТТАР ПАКЕТІ

1. «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Жарғысы
2. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік басқару кодексі
3. Директорлар кеңесі туралы ереже
4. Директорлар кеңесі отырыстарының жоспары
5. Қоғамның ұйымдық құрылымы
6. Стратегиялық жоспар
7. Басқарма Төрағасы – ректорды іріктеу және тағайындау және басқарма мүшелерін сайлау тәртібі туралы ереже
8. Корпоративтік хатшы туралы ереже
9. Ішкі аудит қызметі туралы ереже
10. Бейінді комитет туралы ереже
11. Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін өзін-өзі бағалау туралы ереже
12. Жылдық аудиторлық жоспар
13. Басқарма Төрағасы-ректордың және Басқарма мүшелерінің КРІ ережесі
14. Корпоративтік этика кодексі
15. Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже
16. Коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық

Алғаш